

## Естайдың бюсті орнатылды

Біздің қалада қазақтың біртуар ұлдары Мұхтар Әуезовке, Абай Құнанбаевқа және Сұлтанмахмұт Торайғыровқа ескерткіш-бюст орнатылғаны белгілі.

Конституция күні қарсаңында тағы бір маңызды оқиға орын алды. Беркімбаев көшесі бойындағы “Отырар” сауда үйінің жанындағы алаңқайда ақын-сазгер, әнші Естайдың тас мүсіні тұғырға қонды.

Орайы келгенде, Естай ескерткіші лайықты орынға орнатылғанын айтқанымыз жөн. Оған қоса ескерткішке баратын жолға асфальт, қапталындағы тротуарға кима тас төселіпті. Ескерткіштің маңайына гүлдер отырғызылып, абаттандырылған. Гүлзармен көмкерілген еңселі ескерткіш-бюст анадайдан көз тартады. Алаңқайға көтерілетін баспалдақтар да әдемі жасалған.

Дөңестеу алаңқайға орнатылған ескерткіш едәуір биікте тұр.

Ескерткіштің ашылуына қала әкімі Н.А.Нәбиев және Естайдың ұлынан туған немересі Зекен апа қатысты.

-Естай өз өлеңінде “Япырмау, қартайдым

ба, денем ауыр,  
Менде жоқ  
жаны ашитын  
туыс-бауыр”, -  
дегенде, жалғыз  
ұлы Жан-  
әбілден айры-  
лып, артында  
ізін жалғас-  
тырар тұяғы  
қалмағанын  
меңзеп еді. Сол  
Жанәбілден екі  
қыз қалдық. Бірі  
менің әпкем,  
жол алыс бол-  
ған соң келе ал-  
мады, екіншісі -

мен. Атамыз дүниеден озған соң, ағайындар өзара ақылдасып, шаңырақ иесіз қалмасын деп біздің үйге атамыздың інісінің ұлы Қыздарбекті отбасымен кіргізді. Бізді сол ағамыз тәрбиеледі. Ол Естайдың екі немересін канаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қатарға қосты. Өмірінің соңында Екібастұз қаласында тұрған атамыз тоқсан жастан асып дүние салды. Естай атамыздың дүниеден озғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, халқы оны әспеттеп, өнеріне лайықты бағасын берді. Мен ризамын, - деді Зекен апа тебіреніп.

Осыдан кейін апамыз қала әкімі Нұрлан Абзалұлымен бірге Естай ескерткішінің бетіндегі жамылғыны сыпырды.

Шара барысында Қыздарбектің немересі Еркебұлан Әміренов атасына арнаған өлеңін оқыды.

Осы күні Естайдың әйгілі “Қыз Қорлан” әні орындалып, Естайдай дарынды ұлын ардақтаған халық бір жасап қалды.

**Дария ЕРҒАЗИНА**



# ЕСТАЙ ЕСКЕРТКІШІ



Суретте: қала әкімі Н.Нәбиев, Естайдың немересі Зекен апа Жанәбілқызы және ескерткіш авторлары Б.Қайышева, А.Солтанбаев

Еліміздің Ата заңы мерекесі, сондай-ақ шахтерлер күніне орай қаламызда есімі аталып жүрген көше бойына Естай Беркімбаулының ескерткіші қойылды.

Әнші, сазгер Естай Беркімбаулы - 1868 жылы Екібастұз ауданына қарасты Ақкөл ауылында өмірге келген. Еліне - «Қорлан», «Жай қоңыр», «Құрбылар», «Бір мысқал», «Естайдың қоштасу әні» (соңғы әні) сияқты әндерімен танылған қазақтың біртуар сазгер ақыны Естайдың шығармашылығы екіншіке орай кейінгі ұрпаққа толығымен жеткен жоқ.

«Менің білетінім, атамызды 1946 жылы Алматыға өлеңдерін жаздыртуға шақыртады. Екі қап өлең дәптерлерін алып соған бара жатқанда жол-жөнекей Ақтоғайдың 1-ші бөлімшесіндегі біздің үйге (бірге туған туысы Нұрмағанбеттің үйіне) соғып, аяқ астынан ауырып, үш күннен соң көз жұмды. Қыс іші болғандықтан, өзінің өтініші бойынша Чкаловке жерленді. Бір жылдан соң біздің әкей де қайтыс болып, қазір бәрі бір жерде жатыр. Өлеңдеріне байланысты есімде қалғаны, 4 бітірген кезім, пеш түбінде жатқан қаптардағы өлеңдерін қолыма алып қызығып оқитынмын. Кейбіреулері латынша, арапша, кейбіреулері орысша жазылған. Барлығы жеке парақ беттерде. Солардың бәрін Алматыға апара жатқан ғой. Өкінішке орай өзі де жете алмады, өлеңдері де жанып кетті. Халық оны нағыз ақын ретінде танып үлгермеді. Ел аузында қазір ол кісінің оншақты ғана әні бар» дейді, ескерткіштің ашылу салтанатына арнайы келген Естайдың нөмере інісі Кенен Нұрмағанбетұлы.

Сондай-ақ, бұл күнгі салтанатты жиынға Естайдың соғыста қаза болған жалғыз ұлы Жанәбілден қалған екі қыздың бірі Зекен апа да қатысып, жиналған қауымға, ұрпақтары атынан алғысын білдірді.



алғысын өлдірді.

-17 жасқа дейін Естай атамның бауырында өстім. Әкем ескерде, шешем үйде қайтты. Содан кейін осы атам мен әжемнің қолында болдық. Атам Ақтоғайда немере туысымыздың үйінде қайтыс болып, әжеміз де іле бір жұмадан кейін көз жұмып, біз сіңілім өкеуіміз Естайдың шаңырағында жетім қалдық. Халық бұл екі қыз енді қайда барады деп, Қыздарбек деген туысымызды шаңырағымызға кіргізді. Бұдан әрі сол кісінің тәрбиесінде болдық. Бұл ағамыз биыл қайтыс болды. Оның Еркебұлан деген немересі өлең жазады. Кітабы шықты. Атамыздың жолын сол қуар ма екен деп үміттенеміз. Артында еркек кіндік қалмаса да, бүкіл Қазақстан болып Естай атын шығарып жатыр, тәуба, көп рахмет халқыма. Естайдың абырой, атағын сендерге де берсін.

**Дина ЖУМАДИЛОВА.**

## Естай ескерткішіне

Айналып махаббаттың келбетіне,  
Жырлаған ғашық жайын тербетіле,  
Естай сынды саңлағына даланың,  
Тас мүсіні салынды құрметіне.

Бұл ескерткіш орын тебер жүректен,  
Атам жайлы асыл сөзден жыр есем.  
Махаббатты жырлар кезде қиналмай,  
Бабамменен отырып үнсіз тілдесем.

Естайды айтсаң Қорлан қыз ойға түседі,  
Махаббатқа адал болған деседі.  
Естайменен бір айтылған Қорланға,  
Берсе деймін лайықтап бір көшені.

Бақида қосыла алмады амал бар ма?  
Бірақ, үлгі болды ғой талайларға.  
Ізіменен Естайдың талай жігіт,  
Ән арнаған сүйікті аруларға.

Бабамның жалғастырып асыл ізін,  
Жырлармын махаббаттың асылдығын,  
Түк қалмай ма, ат аунаған жерінде.  
Шіркін бабам!  
Маған тарту қылған ғой ақындығың.

Құтты болсын салтанат тойға ұласқан,  
Тілеймін баршаңызға ашық аспан.  
Естайдай саңылақ туса туған жерде,  
Биікке самғар әлі Қазақстан.

**Еркебұлан ӘМІРЕНОВ.**